



*Ізгі тілекпен Саламат Идрисов,
Х.Досмұхамедов университетінің басқарма төрағасы-ректор*

 **ATYRAU
UNIVERSITY**

Х.Досмухамедов атындағы
Атырау университеті ағымдағы жылы
қабылдаушы оқу мерзіміне
(қолдау және жоғары оқу орнын
бітірген тұлғалар үшін) білім алушыларды тек

**КҮНДІЗГІ оқу түріне
ҚАБЫЛДАУ**
жүзеге асырылатынын хабарлайды.

Атырауский университет
имени Х.Досмухамедова сообщает,
что в текущем году на сокращённые
сроки обучения
(для ликвидаторов колледжа и
высшее учебное заведение)

ПРИЁМ
обучающихся будет осуществляться только
на **ОЧНОЕ ОБУЧЕНИЕ**





БӨГЕТ САЛҒАН ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ МИНИСТР АЛҒЫС ХАТЫН АЛДЫ

Атырау облысындағы төтенше жағдай кезінде тасқын судың алдын алу үшін бөгет салу жұмыстарына белсене қатысқан Ғылыми кеңес мүшелері мен ардагерлер және университет қызметкерлері марапатталды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің алғыс хатын Х.Досмұхамедов университетінің басқарма төрағасы–ректор Саламат Идрисов Ғылыми кеңес жиынында салтанатты түрде табыстады.

Министрдің алғыс хатын ардагерлер кеңесінің төрағасы, профессор Асхат Иманғалиев, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы Бақтыбек Таубаев, математик ғалым Бекет Зейнешұлы

бастаған ардагерлер мен академиялық мәселелер жөніндегі проректор Асхат Чукуров, факультет декандары, тағы да басқа бөлім мамандары мен қызметкерлері алды.

Бұған дейін ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің алғыс хаты студенттер мен олардың ата-аналарына, факультеттердің оқытушы-профессорларына табысталған болатын.

Сондай-ақ, алғыс хат алған ардагер Қалжан Ғабдулғазизқызы мен еден жуушы Меруерт Меңдіғалиеваға Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті кәсіподақ ұйымы атынан «Атырау» шипажайына жолдама берілді.

Баспасөз қызметі



БОЛАШАҚ ҮШІН МАҢЫЗДЫ КУРС

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті өзінің түлектеріне ақысыз түрде «Цифрлық оқыту ортасында бастауыш сынып сабақтарындағы геймификация» тақырыбындағы бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру Upgrade курстарын (80 сағат) ұсынып отыр.

Заманауи тәсілдермен біліктілік курстарын өткізу – әлеуметтік жауапкершілігіміз деп есептейміз. Бұл курста бастауыш сынып мұғалімдерінің пән бойынша цифрлық сауаттылығы мен дағдыларын жетілдірді және цифрлық білім беру ресурстары туралы терең білім алды деп айта аламыз. Сонымен бірге бастауыш сынып пәндерінде геймификация әдістерін қолдану дағдыларын дамыта алды. Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту және оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдыларын мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

Курс тыңдаушысы №43–орта мектеп бастауыш сынып мұғалімі Э.Б.Альдешова «Курсқа келгеніме өте қуаныштымын! Цифрлық оқыту ортасының сан қыры бар екеніне тағы бір көз жеткіздік. «Біліктілікті арттыру–үздіксіз дамудың негізгі кепілі» десек, теориямен бірге тәжірибелік сабақтардың бір–бірімен байланысын тағы бір нақтылап және бірнеше платформаны бір платформаға кіріктіруді үйреніп, қоржынымызға мол дүниелерді алып жатырмыз. Сіздерге деген алғысым шексіз! Білетін бар дүниелеріңізбен бөлісіп жатырсыздар. Үлкен рахмет! Еңбектеріңізге толағай табыстар тілеймін! Бүгінгі күннің мен үшін қызықтысы ақылды көмекшіні біліп алғаным (мен үшін ең керекті дүние), ал құндысы, әрине түрлі плат-

формалары, қиыны, осының барлығын үйрену ғой. Курстың бір күні екінші күніне ұқсамайтын ерекше. Тамаша!» десе, №19 Қ.Сатпаев атындағы мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Айтжанова Ақбөбек Байронқызы «Курс өте жоғары деңгейде, қызықты, сапалы өтіп жатыр. Өз ісінің маманы, тәжіриелі ұстаздардан курстан өтіп жатырғанымға қуаныштымын. Курс тегін болса да, бізге беріп жатырған білімдеріңіз, көрсетіп жатырған дүниелеріңіз, үйретіп жатырған платформалар, әдіс – тәсілдер, курс барысында болып жатырған, кері байланыс, тапсырмалар, топтық жұмыстар біз үшін өте құнды. Сонымен қатар, жақсы көңіл-күй, керемет атмосфера, жаңа таныстық, тәжірибе алмасу да мен үшін құнды. Сіздерге көп рахмет! Жұмыстарыңызды жемісін көріп, ұстаздардан алғыс алып жүре беріңіздер!» деді. Жалпы осы мазмұнда курс тыңдаушыларының кері байланыстары көптеп табылады.

Курстың соңында мұғалімдер ҚМЖ бойынша тәжірибелік сабақ көрсетеді, яғни шағын сабақты демонстрациялайды. Курс барысында үйренген геймификация негіздері бойынша сабақтарды өз бетінше құруға және алған білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беретін практикалық жаттығулар мен жобалар жасайды. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрып, сапва арқылы сабақ қорғайды. Ол өзіндік критерийлер: сабақтың мақсаттары, белсенді оқу әдістері, геймификацияланған сабақтарды жобалау, критериялды бағалау, ықшамсабақтың сабақты жоспарлауға ықпалы туралы қорытындылау арқылы бағаланады.

Гүлжан НҮРСҰЛТАНОВА,
біліктілікті арттыру
кеңсесінің жетекшісі

УНИВЕРСИТЕТ ПРОФЕССОР- ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРЫП КЕЛДІ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Біліктілікті арттыру курстары бағдарламаларының мазмұны педагогикалық қызметтің барлық түрлерін іске асыру үшін педагогқа қажетті пәндік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да құзыреттердің оңтайлы ара қатынасын қамтитын болады», – деп нақты айтылған.

Біліктілікті арттыру – мұғалімнің өз қызметін нәтижелі атқаруы үшін және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында арнайы оқу бағдарламалары арқылы оқыту, кәсіби даму іс-шараларына қатыстыру және өз білімін көтеруі болып табылады. Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту және оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын

жоспары құрылып, тәжірибелік жұмыстар, постер қорғау, материалдардың мазмұнын талдап, талқылау жасау арқылы өзімізге қажетті құнды мазмұнды ақпараттар ала бастадық. 1–5 күн аралығында Греция елі Афины университетінің профессоры PhD Tsermidou Lia және Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы Аққүміс Меңдіғалиевнаның дәрістері мен практикалық жұмыстары арқылы

–Инклюзивті білім беру туралы базалық білім алу, оқыту мен білім беру бағдарламаларын әзірлеуде инклюзивті тәсіл қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуін;

–Педагогтардың, ата-аналар мен әкімшіліктің өзара әрекеттесуін және қызметін үйлестіру нысандары, олардың білім беру үрдісін ұйымдастырудағы бірлескен жұмысын (әдістер мен тәсілдер);



алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

Инклюзивті білім беру мәселесі бүгінгі таңда білім беру жүйесінде өзекті мәселесі болып табылады. Осыған байланысты инклюзивті білім беру теориясы мен әдістемесінің негіздерін білім беру жүйесінде қызмет ететін оқытушылар мен мамандардың білуі заңдылық.

Осы орайда 2024 жылдың 03 –12 маусым аралығында Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Savvy Business және Каподистрия атындағы Афина ұлттық университеті» консорциумы ұйымдастырған «Инклюзивті білім берудің әзірленген моделі бойынша тренингінен» Батыс өңірінің оқытушыларына арналған курсы Ақтөбе қаласында маусым айының 3–12– і аралығында өтті. Осы курсқа Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 20–ға жуық профессор- оқытушылар құрамымен біліктілігімізді арттырып келдік.

Курстың негізгі мақсаты – қатысушыларға осы жоба аясында әзірленген инклюзивті білім беру моделінің басты қағидаларын және оны мектепке дейін білім беруден бастап жоғары білім беруге дейін бүкіл оқушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар оқушыларды оқыту барысында қалай қолдану керектігін түсінуге көмектесу.

Алғашқы күннен бастап оқытудың

– Саралап оқыту;

– Әлеуметтік құзыреттерді, ЕББҚ бар білім алушының әлеуметтік-психологиялық бейімделу дағдыларын және өз қабілеттерін іске асыра білу мүмкіндіктерін меңгеруді игердік.

Курстың әр күнінде мазмұнды бірлескен жұмыстың мәні мықты болды. Аптаның 6 күні тренеріміз ауысты Афины университетінің профессоры, PhD Петрусмырзамендемағыналы болды. Мүмкіндіктері шектеулі және ЕББҚ бар оқушылардың прогресін анықтау және бағалау. Қажеттіліктер мен прогресті бағалаудың жалпы қағидаттары, сондай-ақ күнделікті бағалаудың маңыздылығы.


Бейнежазба бойынша бағалау және жүйелі бақылау бойынша жаттығу: Қатысушылар ЕББҚ бар білім алушылардың бейнероликтерін қарап, бағалау мақсатында жүйелі бақылау құнды дағдысы ретінде осы бейнероликтерді бағалау бойынша тәжірибелік жұмыс жасадық.

Курс барысында тыңдаушылар ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін білім беру ортасын заманауи моделдеуді; инклюзивті білім беруге қатысты білім алушылар үшін оқу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктерін және білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жасауды және оқу жұмыстарын ұйымдастыру тәсілдерін меңгердік.

Айман ҚАЛДЫБАЕВА,
дене шынықтыру және бастапқы
әскери дайындық кафедрасының
аға оқытушысы

Ұлы тұлға Х.Досмұхамедов есімінің Атырау университетіне берілгеніне 30 жыл

3 |
Маусым, 2024 жыл



ХАЛЕЛ ЕСІМІН ИЕЛЕНГЕН УНИВЕРСИТЕТ

Халел Досмұхамедов XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократиялық бағыттары зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі. Ол – белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, ағартушы – педагог Қазақстанда және Түркістанда ғылым мен білім беру, денсаулық сақтау ісін талантты ұйымдастырушы болды.

Осыдан 30 жыл бұрын халқымыздың ғылымын дамытуға, тілін сақтауға, тарихын зерттеуге, өнері мен әдебиетін өркендетуге, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын ұйымдастыруға өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, педагог, дәрігер, профессор Халел Досмұхамедовтың есімі Атырау университетіне берілді.

1994 жылы 23 мамырда Қазақстан Республикасы министрлер кабинетінің қаулысымен Атырау педагогикалық институтына Халел Досмұхамедов есімі берілген болатын. Халел Досмұхамедов есімін беру жөніндегі N551 ресми құжатта былай деп көрсетіледі: «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді: «Атырау облысы әкімінің Атырау педагогика институтына көрнекті ғалым, профессор Халел Досмұхамедовтың есімін беру туралы Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен және Ұлттық ғылым академиясымен келісілген ұсынысы қабылдансын және бұдан былай ол Халел Досмұхамедов атындағы Атырау педагогика институты деп аталсын».

Сонымен қатар, Қазақстанда жоғары білім беру жүйесін одан әрі дамыту мақсатында сол жылы, яғни 1994 жылдың 2 маусымында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті шешімімен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау педагогикалық институтын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті болып қайта құрылды. Университет құрамына Атырау мұнай және газ институты болып аталған Қазақ ұлттық-техникалық университетінің Атырау филиалы, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау педагогикалық институтының Ақтау филиалы, Атырау педагогика училищесі, Атырау политехникалық техникумы және облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты енгізілді.

Бұл кезде университеттің тұңғыш ректор-координаторы болып, тарих ғылымдарының докторы, профессор Х.Б.Табылдиев тағайындалды. Университет құрамында 4 мамандық бойынша аспирантура, ғылыми-зерттеу институты, оқу-әдістемелік кеңес, редакциялық-баспа бөлімі, жаңа ақпараттық педагогикалық, қоғамдық зерттеулер, педагогикалық валеология, «Экология», «Лингва», «Халелтану» орталықтары, ғылыми-лабораториялар, өлкетану ғылыми бірлестігі «Атамекен», «Сәукеле» сынды клубтар жұмыс істеді.

Сондай-ақ, ғұлама ғалым Халел Досмұхамедұлының Атырау университетіне есімінің берілуі барша Атырау облысы жұртшылығының мәдени өмірінде ерекше оқиға болып табылады. Халел бабамыздың есімінің ортамызға қайта оралуы, оның жан-жақты сарқылмас ғылыми мұрасын зерделеуге, ғұлама ғалымның ғылыми мұрасы мен Халелтану тағылымын терең зерттеуге мүмкіншілік жасады.

Міне, осы кезеңнен бастап, Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Халелді таңда және оның ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеуде және насихаттауда біршама жұмыстар атқарылды. Университет көлемінде жалпы және халықтық педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен оқуларын өткізу дәстүрге айналды.

2000 жылдан бастап, Досмұхамедұлы оқулары екі жылда бір рет дәстүрлі түрде

республикалық деңгейде өткізілді.

2000 жылы өткізілген I республикалық Досмұхамедұлы оқуларына Алматы, Орал, Ақтөбе, Шымкент, Ақтау және т.б. қалалардың жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты. Досмұхамедұлы оқуларының негізінде «Алты алаштың мақтанышы» атты ғылыми жинақ жарық көрді.

Ғұлама ғалымның ғылыми мұралары Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті жекеленген кафедралары оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоғары деңгейіне енгізілді. 2003 жылдан бастап, университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен «Халелтану» курсы университеттің барлық мамандықтарының оқу жоспарына міндетті түрде енгізілді. Кафедра меңгерушісі профессор Қ.Б.Сейталиевтің және педагогика ғылымдарының кандидаты Ғ.Базарғалиевтің құрастыруымен «Халелтану» курсының бағдарламасы мен «Халелтану» оқулығы баспадан 15 б.т. көлемінде жарық көрді.

Атырау университеті – Батыс Қазақстан бойынша жетекші университеттердің бірі болып табылады. Бүгінде университет Басқарма төрағасы-ректор, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов. Оқу орны 6 факультет: инновациялық білім беру, жаратылыстану ғылымдар, физика, математика және ақпараттық технологиялар, гуманитарлық ғылымдар және өнер, экономика және құқық, көптілді білім беру факультеттері жетекші мамандарды даярлауды жүзеге асырады. Атырау университеті шетелдің атап айтқанда, Америка, Финляндия, Корея, Түркия, Иран, Польша, Венгрия, Ресей жоғарғы оқу орындарымен тығыз байланыста. Студенттеріміз ҚР БЖҒМ Шетелде бір семестр білім алу бағдарламасы, Орхун, Мевлана, Erasmus+, Түркия Стипендиясы бағдарламалары арқылы академиялық ұтқырлықпен шет елдерде оқуға мүмкіндігі бар. Университетте 500-ден астам оқытушы – профессорлар еңбек етсе, олардың 200-і ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары, профессорлар мен доценттер, философия докторлары. Сол уақыттан бері университет қабырғасынан мыңдаған жас мамандар түлеп ұшып, олар бүгінгі күнде еліміздің ең ірі университетінің бірінен тәлім алғандарына мақтанады.

Сонымен қатар, қазіргі таңда Халел мұраларын жаңашалау мақсатында еңбектері цифрландырылуда, ғалым өмірі мен қызметіне арналған веб-сайт дайындалды. 2024 жылы 29 мамырда өткізілген «Досмұхамедов оқулары» аясында Қазақ КСР ғылым академиясының академигі Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың 125-жылдығына орай, «Қ.И.Сәтпаев және Қазақстандағы ғылым» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына Қазақстан, Ресей, Түркияның жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты. Досмұхамедұлы оқуларының негізінде ««Досмұхамедов оқулары» аясында Қазақ КСР ғылым академиясының академигі Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың 125-жылдығына орай, «Қ.И.Сәтпаев және Қазақстандағы ғылым» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы» атты ғылыми жинақ жарық көрді.

Университет профессорлары университет жайында өздерінің естеліктерімен бөлісіп, сүйіншітті лебіздерін білдірді:

УНИВЕРСИТЕТ ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДА

«Атырау университетіне Халел Досмұхамедов есімі берілгеніне 30 жыл толып отыр. Тарих белестеріндегі отыз жыл

Қазақстанның Батыс өңіріндегі жоғары оқу орнының өсу, өркендеу жылдары болды. 1990 жылдары оқу орнына ат беру кезеңінде, ол кезде жас оқытушымын, екі есім таңдалып алынды. Біріншісі, белгілі мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешев, екінші тұлға Батыс Алашорданың көсемі, ғалым дәрігер Халел Досмұхамедов еді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Алаш, Алашорда деген атаудың өзі, әлі қоғамға тарала қоймаған түс еді. Дегенмен, сол кезеңде мемлекет тізгінінде жүрген мұнайшы Төлеген Жүкеев, мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев араласуымен университетке Халел Досмұхамедов есімі берілді. Осыған орай облыс көлемінде үлкен ғылыми шара өтті. Шараға, алғашқы Халелтанушылар Кеңес Нұрпейіс, Мереке Құлкенов, Аманқос Мектепов, Ғарифолла Әнес қатысты. Университеттің тарих факультеті деканы орынбасары ретінде оқытушылармен студенттермен кездесулер ұйымдастырды. Халел Досмұхамедов есімін иеленген жоғары оқу орнының кемелденуі, сөз жоқ ректорлар Хикмет Табылдиев, Асхат Иманғалиевтің ерен еңбектері арқасында екеніне сөз жоқ. Қазіргі күні, мерейлі меже 30 жылдық кезінде де оқу орнымыз алыс жақын шет елдермен байланысы нығайып, кадр құрамы біршама жасарып әлемдік білім кеңістігімен кірігуінде басқарма төрағасы ректор Саламат Идрисов жұмыстары да көңіл қуантарлық».

Бердигужин Лескали Базарғалиевич тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор

ДАМУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ДОСМҰХАМЕДОВ
Осыдан дәл 40 жыл бұрын, нақты айтқанымызда 1984 жылы Гурьев педагогикалық институтына жеке тұлғаның есімін беру туралы мәселе қозғалған болатын. Студент болсақ та есімізде, осы жылы педагогикалық институттың Акт залында үлкен жиналыс болып, Гурьев педагогикалық институтында мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Орталық атқару комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасының оқу-ағарту халық комиссары сынды қызметтер атқарған Сейтқали Меңдешовтың есімін беру жөнінде ұсыныс енгізілді. Сейтқали Меңдешұлының өмірлік және қайраткерлік қызметі хақында сол кездегі тарих-филология факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Жиенбай Базарбайұлы Бакиев терең толғанып баяндама жасаған болатын. Осы ұсыныс Қазақстан Республикасы Жоғары білім министрлігіне жолданды...

Кейіннен, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін, энциклопедист ғалым, қоғам қайраткері, біртуар тұлға Халел Досмұхамедовтың есімін Гурьев (Атырау) педагогикалық институтына беру жөнінде мәселе қозғала бастады. Осы ұсыныс қоғам тарапынан кең қолдау тауып, 1994 жылы Атырау педагогикалық институтына Халел Досмұхамедовтың есімі беріліп және осы жылы Атырау педагогикалық институты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті болып қайта құрылды. Осы кезеңнен бастап, университетте экономикалық және құқықтық мамандықтар ашылды, университеттің материалдық-техникалық базасы жетілдірілді. 1995-98 жылдары Атырау мұнай-газ институты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау аймақтық университетінің құрамында болды. Университет ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хисмет Бозанұлы Табылдиев ректор-координатор деген статуска ие болды. 2003 жылы 25 желтоқсанда университет алдына Халел Досмұхамедовтың еңселі ескерткіші ор-

натылды. Ескерткіш авторы, алматылық мүсінші Дәулет Бектеміров болатын.

Бүгінгі таңда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті дамудың даңғылы жолына түсті десек, артық айтқандық болмайды. Университеттің материалдық-техникалық базасы, оқытушы-профессорлардың сапалық құрамы, университетте білім алатын бакалаврлар мен магистранттардың оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәлім-тәрбиелік бағыттағы қызметтері жетілдіріліп келеді. Қазіргі университет басшысы Саламат Нұрмұханұлына және бүкіл педагогикалық ұжымға іргелі ізденістер, ілкімді іскерліктер және ізашар ғылыми жобаларды игере беруіне шынайы тілектестігімізді білдіреміз.

Айдар Рамазанұлы Сабыров, инновациялық білім беру факультеті, психология және педагогика кафедрасының доценті

ДАРАБОЗ ТҰЛҒА
Әр жыл сайын сәуірдің 24-інде зертхана мүшелері көрнекті ғалым, мемлекет қайраткері Халел Досмұхамедовтың туған күніне орай ұлы тұлғаның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ғұламаға құрмет көрсетіліп, ұлылыққа тағзым ету дәстүрге енді. Сонымен қатар, ғалымның ғылыми шығармашылығына арналған ғылыми-тәжірибелік семинарлар мен дөңгелек стол басындағы кездесулер өткізіледі. Бұл шараларға халелтанушы ғалымдар Амангелді Шамғонов, Роза Қаражігітова, Айдар Сабыров, Өтепберген Әлімгереев, өзін де, яғни Ғабит Базарғалиев және тағы басқалар қатысып, өз ойларын ортаға салып жүр.

Халел Досмұхамедұлының ғылыми-педагогикалық мұрасын зерттеуде және насихаттауда алда тұрған міндеттер аз емес. Олар: біріншіден, Халел Досмұхамедұлының қазақ мектептеріне арнап жазған оқулықтары мен оқу құралдарын, әлі де баспадан жарық көрмеген белгісіз мұрағат қорларында жатқан еңбектері мен қолжазбаларын тауып, өңдеп, баспадан басып шығаруды қолға алу; екіншіден, Халел Досмұхамедұлы жаратылыстану, тантану, тарих, әдебиеттану, тіл білімі, ауыз әдебиеті ғылымдарын қазақ топырағында алғаш зерттеген жан-жақты ғалым болғандықтан, осы пәндер бойынша оның еңбектерін орта мектептер мен жоғары оқу орынының оқу бағдарламасына енгізу;

Университеттің сыртқы қақпасынан кірген адам алдымен қарсы кездесетін оқу орнының есімін иеленген Халел Досмұхамедовтың еңселі ескерткішіне көз қанықтырады. Аз-мұз аялдап, оған тағзым еткеннен кейін университет ғимаратына кіргенде кең фойеден екі қанатын кеңге жайған қабырғалық көрмені көріп, оқу орнының тарихы мен жетістіктері туралы мол мағлұмат алуға, бұрынғы және қазіргі танымал профессор-оқытушылар мен ғалымдардың, осы жоғары оқу орнын бітірген айтулы шәкірттердің суреттері мен өмірдеректерімен танысуға мүмкіндік алады. Басқа да жәдігерлер мен экспонаттарға кезігіп, таным-түйсігін кеңейте түседі. Осындай игі істерімен әйгілі, өзіміздің де өмірге кең құлаш ұруымызға ықпалы молынан тиген ғылым-білімнің киелі шаңырағының абыройы асқақтай берсе кім қуанбасын?!

Ғабит Бақытжанұлы Базарғалиев психология және педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты

Регина АНАРБЕК «Халелтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі

ТҮЛЕКТЕР

Мемлекет басшысы «Қазақстан жастары білімді, жан-жақты дамыған әрі дарынды. Біздің еліміздің болашағы солардың қолында», –деп атап көрсеткеніндей, еліміздің жастарына, тәуелсіздік ұрпақтарына зор сеніммен қарайды. Жыл сайын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінен мыңға жуық жас маман үлкен өмірге жолдама алып, ел болашағы үшін қызмет етуге аттанады. Биыл университетті 1825 студент аяқтағалы отыр. Бітіруші түлектеріміз де өздерінің жүрекжарды ізгі тілектерін білдірді.

ЖЕТІСТІКТРЕГЕ ЖЕТЕЛЕР БІЛІМ ОРДАСЫ

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші адамнан арман артылған ба?! Менің де алысқа жетелеген, болашаққа көз тастаған тілектерім өте көп. Бала күнімнен спортты жанымда серік еткен соң, болашақта спорттан бапкер болғым келетін. Осы армандарымның бірі Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне жетеледі. Адам өмірінде екі таңдаудан қателеспеу шарт болса, мен алғашқы таңдауымнан сүрінбей өткеніме сенімдімін. Осыдан тура төрт жыл бұрын арманыма айналған білім ордасы қазіргі таңда



шындыққа айналып, өмірімдегі ұмытылмас кездер университет қабырғасында өтіп, енді міне қоштасқалы тұрмын. «Тарыдай боп кіріп, таудай болып шығасың» дегендей өңірдегі тарихы терең қара шаңырақтан білім алып, жас маман атанып қанат қаққалы тұрмын. Бойымды қуаныш пен қимастық қатар билеп, толқыныспен тұрғаным жасырым емес. Университет қабырғасында жүріп, аға-оқытушыларымның қолдауымен талай спорттық додалардың жеңімпазы атандым. Ел мен жер көріп, облыс абыройын асқақтаттым. Мұның бәрі студенттерге жасалған үлкен мүмкіндік пен қолдаудың нәтижесі. Тек жастар уақытты құр жібермей, тиімді пайдалана білсе, асулардан асып, белестерді бағындырары сөзсіз. Түркістан қаласында өткен жазғы универсиадада топ жарсам, студенттер лигасында 3 орынды иелендім. Ақтау қаласында өткен жазғы универсиада 3 орынды қанжығаласам, Батыс аймақтық лигадан жүлделі 1 орынды еншіледім. Өзімнің мамандығыма сай жетістіктерге жеткеннен соң, университет Басқарма-төрағасы, ректор Саламат Идрисов оқу ақыма 50 пайыз жеңілдік жасады. Қаншама бәйгелерге баруға мұрындық болды, университет басшылығы қаржылай демеушілік көрсетіп, қолдау білдірді. Атырау университетін таңдаудың көп себебі бар болса, өз тәжірибемнен осындай себептер екенін айтуға болады. Білім ордасы маған есігін айқара ашқан күннен бастап, мені жаңа достар, жаңа адамдар, жаңа білім күтіп тұрғанын, оған қоса мойнымдағы үлкен жауапкершілікті сезіндім. Сондықтан, болашақ студент атанар талапкер, жетістікке жетелейтін білім ордасына асық!

Диас МЫРЗАШ,
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және
таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы
мамандығының бітіруші түлегі

БЕЛСЕНДІ БОЛСАҢ БИІКТЕН КӨРІНЕСІҢ!

Біздің университеттегі студенттік өмір әрбір студентке өзін барлық бағытта толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей құрылған. Түлектерге барлық мәселелер бойынша ақыл-кеңес беріп, үлкен семинарлар өткізу арқылы қолдау көрсететін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



және оның ұстаздарына өз алғысымды білдіремін. Қара шаңырақ өзі туралы тек жағымды эмоциялар қалдырды. Университет қабырғасында белсенді студент болу оңай емес, бірақ өте қызықты. Белсенді болу арқылы көптеген жаңа адамдармен танысу, баға жетпес тәжірибе алу, оқу, достар және өзіңіздің хоббиіңізге арасында уақытты бөлуді үйрену мүмкіндігі және ең бастысы өзіңе қажетті қасиеттерді қалыптастыру мүмкіндіктерін сыйлады. Мен өз студенттік кезімді университетте оқи жүріп, белсенді болу арқылы қызықты да пайдалы еттім. Сондықтан менің ортам да, достарым да, оқуым да бәрі-бәрі жылы естеліктерге толы. И.Васенина: «Студенттік ұжым дегеніміз – бәсекеге қабілетті ортаға бейімделуге және жаңа нәрселерге ашықтықты көрсететін жастардың серпінді тобы», –деді. Студенттік өмірімді алуан түспен бояуға сеп болған түрлі іс-шаралар менің қоғамда өз орнымды табуыма, кірпіші боп қалануыма себеп болды. Сондықтан белсенді болу жетістікке жетелейді. Бұл тек студенттік өмірдің қызықты емес, біліктілігі жоғары, тәжірибелі ұстаздардан тәлім-тәрбие алатын кез. Атырау университеті сапалы білім алудың кепілі десем қателеспеймін. Сол себепті, талапкерлер, студент атанғанда оқумен бірге қоғамдық жұмысқа белсене араласып, биікті бағындырыңдар!

Асыланбек ОРЫНБАСАРОВ,
Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық
пәндер оқытушысы
мамандығының бітіруші түлегі

ШЕТЕЛДІК ТАЛАПКЕРГЕ ЕСІГІ АШЫҚ ЗАМАНАУИ УНИВЕРСИТЕТ

Қарақалпақстан Республикасы, Қанлыкөл ауданы, Бостан ауылының тумасымын. Сол жерде 11 жылдық оқуды тәмамдағаннан кейін, туыстарымның шақыртуымен Қазақстанға, соның ішінде Атырау қаласына оқуға келген болатынмын. Атырау қаласына келген соң менде университет таңдау қажет болды, сол кезде туыстарым осы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жайлы айтқан еді. Осылайша қара шаңырақты таңдауға бел будым. 2020 жылы пандемия уақытында сабақтар онлайн өтіп бастады, алғашында қиындықтар болды, себебі мен тек офлайн форматта оқып үйреніп қалғанмын. Бірақ оқытушылардың, одан қалса группаластарымның қолдауымен ортаға сіңісіп кетуім оңай болды. Жасыратыны жоқ, 1 курста ортада өзімді қатты аша алмадым, дегенмен біздің экономика және құқық факультетінің белсенділерінің қатарына қосылып, сол жерде өзімнен жоғары және өзімнің курстас студенттермен танысып, дос болып, әртүрлі іс-шараларға қатыстым. Бұл орта маған үлкен мүмкіндіктер есігін ашты. Одан бөлек 2022 жылы Атырау облысы полиция департаменті және Атырау университеті бірлесе отырып сервистік полиция іс-шарасын ұйымдастырды. Оған мені оқытушыларым ұсынып, сол жерде өзімді көрсетіп, Атырау облысы әкімінің Алғыс



ТІЛЕГІ



хатымен марапатталдым. Одан бөлек, экономика және құқық факультетінің ішінде көптеген іс-шаралар, мамандардың семинар сабақтарына қатысып, бірнеше сертификат иелендім. Жалпы университет барынша білімді және қоғамдық жұмыстарға белсенді болуға жетеледі және әрекет етсең еңбегін бағаланатынын сезіндірді десем болады. Университет ең алдымен студенттерге деген еркіндік сыйлап, әрбір студенттің ойымен санаса алады. Тек білім беріп қоймай олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, әртүрлі іс-шараларды ұйымдастырып, студенттерді жан жақты дамытуда. Бұл оқу ордасын таңдаудағы басты себеп – шетел азаматтарына есігі ашық заманауи университет. Егер, шетелдік талапкерлер осы университетті таңдаса, олар қателеспейді және ең сәтті таңдау болмақ.

Мийрас АМЕТОВ,
Құқықтану мамандығының бітіруші түлегі

«ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ ЖАҚСЫ»
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің инновациялық білім беру факультетінің психология мамандығының 4 курс студентімін. Яғни, биылғы бітіруші түлекпін. 2020 жылы осы универге өз қалауыммен



түскен болатынмын. Жалпы менің мақсатым – Қазақстандағы елеулі психологтардың бірі болу. Ал, менің қалауымды жүзеге асыруға Атырау университеті жол ашты. Себебі маған ең ұнағаны – мұндағы тәлімгерлердің біліктілігі мен тәжірибесінің молдығы. Олардың теориялық және практикалық түрде студенттерге өз білімі мен түйгендерін бөлісуі, нәтижелі маман шығаруға ұмтылғаны мені шабыттандырды. Біздің оқытушылар – өз ісінің тамаша, ең үздік, тәжірибелі, сауатты және білікті шеберлері. Шынымды айтсам, мені және менің курстастарымды басқа біреу емес, олар оқытқанын мақтан тұтамын. Қажетті және маңызды ақпараттың көп мөлшерін студенттерге жеткізу – бұл, менің ойымша, өнер. Университетте білім алып қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға да белсене ара-ластым. Инновациялық білім беру факультетінің

студенттік декан орынбасары болып қызмет атқардым. Бұл университеттен жаңа орта, жаңа бағыт, жаңа шабыт таптым. Келер талапкерлерге, болашақ студенттерімізге айтарым, біздің универге келсеңіздер, өкінбейтіндеріңізге сенімдімін. Ізденген адамға барлық жағдай жасалған. Осы оқу орнының студенті ретінде мен университетіміз өз студенттеріне толыққанды білім алу үшін және де заманауи талапқа сай болу үшін көптеген мүмкіндіктер береді деп үлкен сеніммен айта аламын. Болашақ талапкер, асыл ұстаздарымыздың біліктілігі мен білімінен мол сабақ алып, жол көрсетер шамшырақ тұт!

Антонина РЕВКОВА,
психология мамандығының бітіруші түлегі

МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ
Ең әуелі болашаққа бағдар болған, мамандығымның алғашқы баспалдағын са-лып, сарқылмас білім берген, жайлы орта табуға



себепші болған білім ошағына үлкен алғысымды білдіремін. Киесі биік Маңғыстаудың Қарт Каспийінің ерке қызы 2020 жылы Жайықтың жағасына, мұнайдың астанасы Атырау өңіріне білім құалап келдім. Қазіргі таңда осы білім ордасынан химия және биология мұғалімі мамандығын тәмамдаған жас маман болып, түлеп ұшқалы отырмын.

Ұстаз болу қаншалықты қиын, жауапкершілігі мол сала екенін бала күнімнен білетінмін. Тіпті, ұстаз боламын деп те ойламаппын. Бірақ осы қасиетті «ұстаз» есімін ұғындырып, ұстаздық жолға махаббатымды оята білген – 70 жылдан асқан тарихы бар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Осы университет арқылы өзімнің болашақтағы орнымды таптым деп те айта аламын.

Университет – көптеген мүмкіндікке бастау. Соның бірі – болашақ ұстаздарға арналған университет пен Ә.Кекілбайұлы атындағы 41-мектеп гимназиясы арасындағы достық қарым-қатынас нәтижесінде туындаған, біліктілікті арттыруға арналған 8 айға созылған «PROF қадам» тәлімгерлік-кураторлық жобасы. Бұл жобаның басты мақсаты – бітіруші педагог 4-курс студенттерін мектеп өміріне, тыныс-тіршілігіне бейімдеу. Оқушылармен тіл табысу, оларды тәрбиеге баулудағы төте жолдар, оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту, білім беру үрдісіндегі сапалы жолдар, әдіс-тәсілдер және т.б. бойымызға сіңіру, оқушыларға дарыту. Осы аталған ұлағатты ұстаз бойындағы қасиеттерді бойыма сіңіре отырып бұл жобаның қатысушысы атандым. Мұндай мүмкіндікті сыйлап, болашаққа бағдар беріп, жол сілтеп, әр студентті өз баласындай көріп, тілеуін тілеп отырған Х.Досмұхамедов атындағы АУ-не, жаратылыстану ғылымдары факультетінің оқытушыларына риясыз алғысымды білдіремін. Тарихы тереңнен сыр шертетін оқу орнының беделі асқақтап, қазақ елін әлемге танытатын түлектерінің саны көбейе берсін деп тілеймін!

Рано НҰРМҰХАНОВА,
химия және биология мұғалімдерін даярлау мамандығының бітіруші түлегі



АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «ДІНТАНУ» МАМАНДЫҒЫ АШЫЛДЫ



Көптің көңілін күпті еткен Ұлттық біріңғай тест тапсыру мерзімі аяқталды. Енді оның орнын жоғары оқу орнына түсу кезеңі алмастырады. Көңілдеріне үміт пен қорқыныш қатар ұялаған жас түлектер үшін қалаған оқу орнына оқуға қабылдану бақпен тең. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 20-маусым мен 25-тамыз аралығында университетке құжаттар қабылдайды.

Университет 53 білім бағдарламасы бойынша бакалавр мамандарын, 35 білім бағдарламасы бойынша магистр мамандарын дайындайды. Педагогикалық мамандықтар үшін шектік балл-75 болса, «құқық» даярлау бағыты бойынша шетік балл -75, ал педагогикалық емес мамандықтар үшін - 50 балл.

Биылғы жылы ҰБТ пәндер бойынша өзгерістер енгізілді: Математикалық сауатылығы мен Оқу сауатылығы пәндері бойынша бұрын шектік балл 5 болды, биылдан бастап шектік балл - 3 балға өзгерді. Жаңа оқу жылында өзгерістер мен жаңашылдықтар аз емес. Қабылдау комиссиясы өз жұмысын бастап та үлгерді. Қабылдау комиссиясы белгіленген мерзімде талапкерлерден құжаттарды қабылдайды және рәсімдейді, қабылдауды өткізудің ережелері мен мерзімдері туралы ақпарат береді, ҰБТ (КТ) немесе түсу емтихандары нәтижелері бойынша қабылдаудың үрдісін бақылайды, оқуға түсуге өтініш бергендердің ашық тізімін жүргізеді. Осыған байланысты біз оқуға түсудің жаңа механизмдері жайлы сауалдарымызды Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Рауза Қанатбаеваға жолдаған едік.

– Талапкерлерді құлақтандыру және түсіндіру жұмыстары Атырау университетінде қай уақытқа дейін жүргізіледі? Университет қандай мамандықтар бойынша құжат қабылдайды?

– Грант конкурсына шектік баллды жинаған барлық бітіруші түлектер өтінім бере алады. Білім беру грант конкурсының өту уақыты 2024 жылдың 13-20 шілде аралығы, алайда Төтенше жағдай жарияланған аймақтар үшін 13-24 шілдеге дейін ұзартылды. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті төмендегі шығармашылық мамандықтарға құжат қабылдайды:

- 6В01401-«Дене шынықтару пәнінің мұғалімі және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы»;
- «6 В 0 1 4 0 2 -Алғашқы әскери және технологиялық, дене шынықтыру мұғалімі»;
- 6В02103-«Таңдалған бағыта дизайн, білім беру жүйесіндегі суретші-дизайнер»;
- 6В01404-«Бейнелеу өнері және көркем еңбек»;
- 6В03201- «Журналистика және ақпарат»;
- 6В02403-«Музыка мұғалімі, қосымша білім

беру педагогы»;

7. 6В02101-«Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы»;
8. 6В02102-«Халық әні»;
9. 6В02104-«Халық аспаптары»;
10. 6В02203 -«Дінтану»

– Біліуімізше жыл сайын шығармашылық мамандыққа сұраныс артуда, осы бағытта биыл өзгеріс бар ма?

– Шығармашылық мамандыққа ниет білдіруші мектеп түлегі ұлттық бірыңғай тестілеуді екі пәннен: оқу сауаттылығы және Қазақстан тарихы



пәнінен; колледж бітіруші білім беру грант конкурсына қатысатын жағдайда кешенді тестілеуді мамандығы бойынша бір арнайы пәннен тапсырады.

Шығармашылық емтиханның өткізу мерзімі өзгерді:

1. Грант конкурсына қатысушы талапкерлердің Шығармашылық мамандықтарға өтініш білдіру және құжат қабылдау уақыты: 20 маусым мен 6 -ші шілде аралығы. Шығармашылық емтихан тапсыру мерзімі 7-13 шілде 2024 жылы.
2. Ақылы негізінде оқуға түсетін талапкерлер үшін Шығармашылық мамандықтарға өтініш білдіру және құжат қабылдау уақыты: 20 маусым мен 10-ші тамыз аралығы. Шығармашылық емтихан тапсыру мерзімі 10-15 тамыз 2024 жылы.

Биылғы жылғы шығармашылық емтихандардың өту ережесінің өзгерісі - мектеп бітіруші түлек екі шығармашылық емтихан тапсырады, әр шығармашылықтан максималды 50 балл, колледж бітіруші түлек бір шығармашылық емтихан тапсырады, максималды 20 балл.

– Жаңа оқу жылындағы түлектер үшін жағымды жаңалықтың бірі - «Дінтану» білім бағдарламасының ашылуы. Аталмыш мамандық бойынша кеңінен тоқталсаңыз?

– Иә, расында да 2024-2025 оқу жылына

6В02203 - «Дінтану» білім бағдарламасы ашылуы жағымды жаңалық болды. Бұл білім бағдарламасы шығармашылық мамандықтар тізіміне енеді. Жалпы Дінтану мамандығы облыстың және батыс өңірінің дін саласында кәсіби маман-дінтанушыларға деген қажеттігін өтеу мақсатында ашылып отыр. Бұл мамандыққа бакалавриатқа орта мектеп бітірген, осы бағытта арнаулы орта білімі бар және екінші мамандыққа талапкерлер қабылданады. Орта мектеп бітірген талапкерлер ҰБТ-дан Оқу сауаттылығы мен Қазақстан тарихы пәндері нәтижелері бойынша және екі шығармашылық емтихан тапсырады. Оның біреуі мамандыққа бейімділігіне байланысты әңгімелесу (собеседование), екінші дінтану негіздері бойынша емтихан тапсырады. Мақсатымыз мемлекеттік органдарда, құқық қорғау саласында, білім ұйымдарында қызмет ететін дінтанушы маман дайындау. Мемлекеттің дін саласындағы саясатын, әлемдік діндердің тарихын, еліміз бен әлемдік, өңірдегі діни ахуалды білетін дінтанушы маман дайындау. Ол мамандар елдегі,өңірдегі діни жағдайға талдау жасайтын, қоғамдағы діни қатынасты реттеуге өз үлесін қосатын болады деген мақсат қойып отырмыз.

– Бакалавр аяқтаған жас маман магистратураға түсуді қалайтыны анық, магистратураға құжат қалай қабылдануда?

– Университет 35 білім бағдарламасы бойынша магистранттарды дайындайды. Магистратураға түсуге ниет білдіруші алдымен Ұлттық тестілеу орталығының (testcenter.kz) сайты арқылы магистратураға түсу үшін тапсырылатын кешенді тестілеуге онлайн өтінім білдіреді. Тестілеуге өтінім беру уақыты: 1 маусым мен 8 шілде. Ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша Магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу 3 блоктан тұрады:Шет тілі бойынша тест; Оқу дайындығын анықтауға арналған тест; Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест.Бейінді магистратураға өзгерістер енгізілді:Бейінді магистратураға түсушілер, Білім беру бағдарламалары тобының екі бейіндік пәнін тапсырады. Максималды балл 100-ден 70-ке қысқартылды.Шектік балл - 50-ден 30 балға қысқартылды. Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.Магистратура үшін тапсырылатын кешенді тестілеудің өту уақыты: 20 шілде мен 10 тамыз аралығы. Білім беру грант конкурсының өту уақыты 2024 жылдың 12-15 тамыз аралығы.

– Ата-аналар мен талапкерлер қабылдау комиссиясына қатысты жаңалықтарды қайдан бақылап отыра алады және сұрақтарын кімге жолдай алады?

– Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қабылдау комиссиясы оқу жылына қабылданатын дайындық бағыттары, оқуға түсу, әр мамандық бойынша бірінші курсқа қабылдаудың ережелері мен университетке түсу үшін қажетті құжаттардың тізімі жөніндегі ақпаратты әзірлеу мен жариялауға жауап береді. Бүгінде мамандықтар бойынша жауап беретін хатшылар бекітілген, әрбір талапкер өзінің мамандығы бойынша жауапты хатшыдан ақпарат ала алды. Сонымен қатар университет сайты мен әлеуметтік желіде сәт сайын жаңалықтар шығады. Талапкерлер өздерінің көкейкесті сұрақтарына нақты жауапты табарына және толығырақ білуге барлық жағдай бар.

– Сұхбаттасқаныңызға бек рақмет!

Сұхбаттасқан: Жайна МӘЛІМҚОЖА



ҮЗДІК ҰСТАЗ – ҒИБРАТТЫ ҮЛГІ

Қандай да болмасын, айтуға тұрарлық ірілі-ұсақты мәні бар оқиғаға сәл-пәл болса да қатысыңның бар екенін сезіну – жан жадыратады, игі әрекеттерге бастайды. Оның өзі ойламаған жерден есіңе түсіп, ой ағымына, сана сілкісіне жетелейді...

1990 жылдары курстастарым марқұм бард ақын Табыл Досымов пен Гүлнар Исмурина және мен үшеуіміз, КазГУды бітіріп, жолда-мамен Атырау облыстық телерадиокомпаниясына қызметке келген кезіміз. Шығармашылық тұлғамен таныстығым осы кезеңге түспа-түс келген болатын. Төлеген Жаңабайұлы 1991-1997 жылдары облыстық телерадиокомпанияда алғашқыда радио, кейін телехабар жөніндегі бас редактор, компания төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. Мен үшін теориялық білім берген ұстаздарым қандай ыстық болатын болса, тікелей өндірістегі тәжірибемдегі ұстазым іспетті болды. Алғаш келгенде ол кісі қандай салмақты, сабырлы, биязы, қамқор, сыйлы, өз ісіне адал болса қазіргі кезде де сол қалпынанда, еш өзгермеген. Ұжымында әрқашан сыйлы, беделді, өз ісіне адал, шыншыл, тиянақты, өте білімдар, аса қадірлі де, сабырлы ұстаз кейпін мықты сақтаған. Ұстаз – ұлағатты есім. Ұстаздар жайында халқымыздың батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген екен. Ел игілігі үшін еңбекпен етене араласып, жарқын болашаққа қарымды қадам жасаған ұлағатты ұстаздың өмірі қиындық пен қуанышқа толы. Ендеше, ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар саналы ғұмырын осы салаға арнаған ұстаздарға қандай мақтау, мадақ айтсақ та артық емес. Біз бүгін осындай ұлағатты ұстаз, әдебиетте ерекше орны бар, өзіндік ұстанымы, өзіне тән соқпағы бар деп айтуға болатын әдебиетші, ақын, зерттеуші, тарихты жете меңгерген жазушыларымыздың бірі Жаңабайұлы Төлеген ағамыздың еңбегі туралы айтпақпын.

Адам баласын дүниедегі өзге жаратындылардан даралай танытатын мәдениет болмыс пен сананың барлық саласын бірдей қамтитын әрекеттер тұтастығы арқылы көрініс табатынын ескерсек, бұл қатарда рухани мәдениеттің алатын орны айрықша. Қай дәуірде де қоғамдық сананы қалыптастыруда орасан маңыз иеленетін рухани мәдениет салалары ішінде, әсіресе, әдебиеттің атқарар қызметі, ықпал-қуаты аса зор. Ғасырлардан ғасырларға ұласып жатқан ой қазынасының ең асылдарын өз бойына екшей дарытатын әдебиеттің бұл ерекшелігі оның қоғамдық сана дамуында жетекші рөл атқаруына жол ашады. Демек, әдебиет адамзат ойының өткенін игеруші, бүгінгі бағытын айқындаушы, ертеңгі бағдарын белгілеуші көсем өнер. Көсемдік жүгі қашанда ауыр. Жер бетіндегі үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысы да әлемдік өркениет шаңырағының жабығынан сығаламай, қал-қадрерінше төріне озуды мұрат тұтып отырған ізгі бәсекелі дәуірде ұлттық ойсана көшбастаушысына түсер салмақтың еселене түсері бексенеден белгілі ақиқат. Өйткені өркеуде өркениетке тән тәкаппар талғам үдесінен табылу үшін ұлттық мәдениетте өзгеге ұқсамас даралық пен деңгей биіктігіне қол жеткізу шарт. Бұл – кез келген ұлттың еншісіне тие бермейтін несібе. Ол үшін әуелгі кезекте, өзін-өзі тануға, танып-білгенін өзгеге танытуға бейіл ұлттық сана қажет, ұлттық сананың уақытпен жарыса кемелдене беруіне күш салар қара нар тектес қайраткер тұлғалар қажет. Бұл тұрғыда көңілге мақтаныш ұялатар тағы бір шындық бар. Ол шындық – әлмисақтан қазіргі таңға дейін ұласып жатқан тарихымыздың қай кезеңі де ұлт мұратын ұлық тұтқан үлкен жүрек иелерінен кенде болып көрмегендігі. Ұлт мұратын ұлықтау әсіре қызыл ұранмен емес, ел игілігіне адал қызмет етумен іске асарына ден



қойсақ, кейінгі елу жыл бедерінде алаш баласының ардақтысына айналған бірегейлер легінде өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бері бүкіл саналы ғұмырын, қызметін бұқаралық ақпарат құралдарына арнаған, әдебиет ғылымының өркендеу процесіне белсенді араласып, зейнеткерліктен соң ұстаздық қызметте Х.Досмұхамедов атындағы университеттің «Қазақ әдебиеті және журналистика» кафедрасында, журналист мамандарын дайындауға ерекше үлес қосқан. Қаламгер Төлеген Жаңабайұлының шығармашылығы туралы ой-толғамында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Журналистер академиясының академигі Ибраим Самат ағамыз: Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң 1982 жылы жолдамамен «Коммунистік еңбек» газетіне жұмысқа орналасып, ауыл шаруашылығы бөліміне тілші болдым. Төлеген Жаңабайұлының меншікті тілшіліктен осы бөлімді басқаруға келгеніне төрт жылдай болыпты. 1966 жылы Гурьев мемлекеттік педагогика институтының (қазіргі Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті) филология факультетін тәмамдап, Қызылқоға аудандық «Коммунизм туы» (қазіргі «Қызылқоға») газетінің мектебінен өтіп, бес жыл облыстық басылымның меншікті тілшісі болған ол әбден ысылған журналист екені сөзінен де, жазғанынан да білініп тұратын. Бұл кезде Төкең жігіт ағасы жасында, 38 жаста, бізге кәдімгідей үлкен кісі болып көрінеді. Сол ағамыз биыл мерейлі сексен жасқа толып отыр, зымырап өтіп жатқан уақыт-ай десенізіпші, былай қарасаңыз бәрі де күні кешегідей көрінеді. Айтары жоқ, бөлім жұмысы ауыр болды, күн сайын хат көпірі толастамайды, оны қорытып, нөмірге дайындаймыз. Бір-біріне жалғасқан ауыл шаруашылығы науқанынан мақала жазып, бөлімдегі Мақсат Елеусінов ағамыз екеуіміз бәрін үлгеруге күш саламыз. Күнделікті жұмыс өз алдына Мәкең екеуіміз іссапарға жиі шығып, облыс шаруашылықтарын аралаймыз. Бөлім басшысы Төлеген Жаңабайұлы бір апта шалғай ауданда жүріп жазған мақаламды асықпай оқып, жетістігін мақтап, кемшілігін жайымен түсіндіреді. Негізгі мамандығы педагог болғандықтан ба, көңіліңе қарап отырып-ақ түзететін тұсты тиянақты жеткізеді. Кейбір мақала көңілінен шықпаса «мына бір жеріне былайша мән беріңкіреші» деп қайтарып береді. Әрі орталық газеттерде шыққан материалды айтып, «соны бір қарап шықсаң, мына бір маманмен сөйлесіп алсаң» деп ақыл-кеңесін айтады. Төкең облыстық ауыл шаруашылығы мамандарымен де тығыз қарым-қатынаста болды. Өзі де бұл саланы жетік білетіндіктен маған мәселені көп жағдайда қолмен қойғандай етіп түсіндіріп, бағыт-бағдар беретін. Өзі де өндірте жазып үлгі көрсететін.

Қай дәуірде де қоғамдық сананы қалыптастыруда орасан маңыз иеленетін рухани мәдениет салалары ішінде, әдебиеттің атқарар

қызметі, ықпал-қуаты аса зор. Ғасырлардан ғасырларға ұласып жатқан ой қазынасының ең асылдарын өз бойына дарытатын әдебиеттің бұл ерекшелігі оның қоғамдық сана дамуында жетекші рөл атқаруына жол ашады. Өйткені, әдебиет адамзат ойының өткен кезеңін игеруші, қазіргі бағытын айқындаушы, болашақтағы бағдарын белгілейтін көсем сөз өнері. Көсемдік жүгі қашанда ауыр. Жер бетіндегі үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысы да әлемдік өркениет шаңырағының жабығынан сығаламай, қалқадрерінше төріне озуды мұрат тұтып отырған ізгі бәсекелі дәуірде ұлттық ойсана көшбастаушысына түсер салмақтың еселене түсері бексенеден белгілі ақиқат. Өйткені өркеуде өркениетке тән тәкаппар талғам үдесінен табылу үшін ұлттық мәдениетте өзгеге ұқсамас даралық пен деңгей биіктігіне қол жеткізу шарт. Бұл – кез келген ұлттың еншісіне тие бермейтін несібе. Ол үшін әуелгі кезекте, өзін-өзі тануға, танып-білгенін өзгеге танытуға бейіл ұлттық сана қажет, ұлттық сананың уақытпен жарыса кемелдене беруіне күш салар қара нар тектес қайраткер тұлғалар қажет. Бұл тұрғыда көңілге мақтаныш ұялатар тағы бір шындық бар. Ол шындық – әлмисақтан қазіргі таңға дейін ұласып жатқан тарихымыздың қай кезеңі де ұлт мұратын ұлық тұтқан үлкен жүрек иелерінен кенде болып көрмегендігі. Соның бірі де бірегейі Төлеген Жаңабайұлы.

Бүгінде 80 жасқа келіп отырған Төлеген ағайымыздың осы уақытқа дейін елі үшін еңбек етуі, адал қызмет атқарумен байланысты. Өзінің бар ғұмырын шәкірт тәрбиелеп, болашаққа жол сілтеумен арнап келеді. Болашақта да осы қызметінен тапжылмай, әлі де бірнеше уақыт адал да, қайырымды ісімен жалғастыруына өз басым сенімдімін.

Төлеген Жаңабайұлы 1991-1997 жылдары облыстық телерадиокомпанияда радио, кейін телехабар жөніндегі бас редактор, компания төрағасының орынбасары қызметтерінде болды. Ал 1997-2007 жылдары Атырау облыстық «Қайсар» қоғамдық құқық қорғау газетінде бас редактор қызметін атқарған. 2004 жылдан бастап Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде «Тарих-филология факультетінің «Қазақ әдебиеті және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, доценті болып ұстаздық қызмет етті. Елімізге есімдері танымал, «Егемен Қазақстан» газеті бас директорының орынбасары Ерболат Кәмен, облыстық «Атырау-Ақпарат» ЖШС-інің директоры Нұрболат Елеусінов, аудандық «Қызылқоға» газетінің бас редакторы Бауыржан Сисенов, аудандық «Кең Жылыой» газетінің бас редакторы Ербол Қошақанов Төлеген Жаңабайұлының университетте тәлім алған шәкірттер. Төлеген Жаңабайұлы Х.Досмұхамедов атындағы университеттің құрметті профессоры атанды. 2024 жылы ғылыми-танымдық салаға сіңірген еңбегіне орай «Каспий аймағы академиясының академигі» мәртебелі атағы берілді. ҚР-нің Үздік

өлкетанушысы, Ақпарат саласының үздігі. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар және Халықаралық жазушылар одақтарының мүшесі, «Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы», «Қазақстанның Құрметті журналисі», «Атырау облысының Ардақты ардагері» алтын белгісінің иегері. Төлеген Жаңабайұлының шығармашылық қаламы әлі бабында, олай деуімізге «Жұлдыз» журналында 2022 жылы өзінің ұстазы, ғалым, ақын Қабиболла Сыдықов туралы «Мұратану ақиығы» атты зерттеуі, 2024 жылы ақын Марат Отаралиев шығармашылығы жөнінде «Отты жырлар, хұсни хаттар» атты кең көлемді ой-толғамы сияқты дүниелерінің жарық көруі дәлел болады. Алпысыншы жылдары институтта оқыған кезінде Сабыр Қазыбаев, Берқайыр Аманшин, Ермек Өтебаев, Қабиболла Сыдықов тәрізді қазақтың біртуар тұлғаларынан тәлім алған журналист, ғалым, жазушы, ұстаз Төлеген Жаңабайұлы ұрпақ сабақтастығын өзінен кейінгі буынға жалғаған мықты қаламгер. Өйткені журналистік қызметті ұйымдастырушылық және ұстаздық жұмыстармен шебер ұштастыра жүргізе білген. Мен өзімнің осындай шығармашылық тұлғамен бірге қызмет жасағаным үшін мақтан етемін. Әлемге әйгілі ойшыл әл-Фарабидің: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жайында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген сөзі осы кісіге лайықты айтылса керек-ті. Әрбір шәкіртінің зейінін ашып, білім мен ғылымнан сусындатқан ұстаз туралы айтылар сөз, жазылар ой көп-ақ...

Құрметті, Төлеген ағай, сізді адам өмірінің айтулы белесі – 80 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Өзіңізді өмірден тоқығаны мол, кең аялау, қамқор қолын ұсынып жүретін ұялуы азамат, ақылшы, ғалым-ұстаз, аға, ретінде жақсы білеміз. Бар еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметіңіз, озық ойлайтын кемел қабілетіңіз тәңті етпей қоймайды, жастарға ұлағатты ұстаз, өнегесіз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт, сөзіңізге өріс, шығармашылық жұмысыңызға жеміс пен табыс тілеймін. Арманның ажарында, бақыттың базарында, көпшіліктің алғысы мен құрметіне бөленіңіз. Шығармашылық жолында тапжылмай еңбек етіп, тер төгіп ұзақ жасай беріңіз!

Ләззат МАЖИТОВА
гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының аға оқытушысы

АЛТАЙ ДЕГЕН АУЫЛ БАР



Түркияның біз білім алып жатқан Нийде өңірі қазақтар тұратын Алтай ауылымен де танымал. Бұған дейін Ораза айт кезінде Омер Халисдемир университетіндегі қазақ студенттер оқытушыларымен бірге сол ауылда болып, айттап қайтқан, мен ол кезде болмай қалдым. Дегенмен, сессияны аяқтап, елге қайтар кезде Алтай ауылына барып, қандастардың дастарханынан дәм татып, дидарласудың сәті түсті. Оған дейін «Түркияда автобус қатынасы керемет жолға қойылған, сонда баратын қоғамдық көлік болса отырып кете бермейміз бе?» деп ойлайтын едім. Бір кездері автобус жүріп тұрғанмен, қазіргі күні тоқтағанын ауылдағы құлазып тұрған аялдамалардан байқадым.

Бізді Алтай көйде (түрікше kılı) тұратын, кезінде осы жерде мұхтар (акім) болып қызмет еткен, жүрегі шын мәнінде «елім, қазағым» деп соққан кең пейілді, жана-шыр азамат Мұстафа Көк алып барды. Бүгінде түркі тілдері бойынша Нийде университетінде жоғары білім алып жатқан ағамыз жайлы бұған дейін де жазған болатынымын.

Автобустың қатынауы үшін қолайсыз болатын себебі, ауылда бүгінде тек 18 түтін қалған. 1951 жылы алғаш іргесі қаланған кезде мұнда 800-дей адам құрайтын екі жүзге жуық отбасы қоныс тепкен екен. Жергілікті биліктің сол кезде «отыз жылға жарайды» деп салып берген қызыл кірпіш үйлері әлі күнге міні құрамастан тұр. Бірақ, көбісінде құлып. Көшіп кеткендердің ішінде жаздығүні ауылға келіп тұратындар бар. Қазіргі күні бастауыш мектептің өзі жабылған, санаулы бала басқа жаққа барып оқиды.

Мұстафа көк ағамыз бізді – мені және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқытушы ғалымы Бауыржан Бердіұлының отбасын – Алтай ауылына көлігімен алып келді. Ағаның қақпағына дейін қазақтың ұлттық оюлары салынған. Үйде Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдары атақты Халифа Алтаймен бірге Түркістан қаласына бес адамның бірі болып келген, Мұстафа Көктің ағасы Масғұт қари, жұбайы Гүлсім ханымның анасы бар. Кейінірек үлкен апалары Әден мен Бор және Стамбул қалаларында тұратын қыздары күйеулерімен, бала-шағаларымен бірге келіп жатты, байқауымша, бауырмалдығын сақтап қалған шаңырақтан жан-жаққа тарағандар демалыс күндері бастарын қосып, арқа-жарқа болып жататын сияқты.

Масғұт, Мұстафа ағаларымыздың және біз сөйлескен үлкен буын өкілдерінің қазақшасы тым тәуір. Алайда, кейін ауылды аралай шыққанда отызды орталағандардың да кейбірі қазақшаны түрікшемен араластырып сөйлейтінін көрдік. Бұл, шамамен, біздің орыс тілін қосып сөйлейтініміз сияқты құбылыс қой. Мұстафа Көк өзінің қазақшасы таза екендігін ел-жұрт аралап көбірек жүретіндігімен түсіндіреді.

Ауыл орталығындағы үлкен тас қабырғада Алтай ауылының қабырғасын қалаған тұрғындардың, әр жылдары ауылды басқарған мұхтарлардың аты-жөндері жазулы, олардың ішінде Мұстафа ағамыз да бар. Теріні илеп, одан киіп тігетін кәсіпшілікті көп жылдардан бері қолға алып келе жатқан іс адамы (iş adamı – бизнесмен), он жыл Голландияда тұрып келген Мұстафа мырза Түркияның да, Қазақстанның да қалаған аймағында тұруға мүмкіндігі жететін кісі. Бірақ, Алтай ауылын сақтап қалу ниетімен бұл жерден қоныс аударғысы жоқ. Жолда келе жатып көргеніміздей, ауыл маңындағы кейбір шаруашылық, егіндік жерлерді түрік ағайындар сатып алған. Ал ауылдағы

үйлерді басқаларға сатпауға тырысады екен. Себебі, түсінікті. Түбі, діні бір ағайындар болғанмен «түріктеніп» кеткен жағдайда орталығына киіз үй орналасқан, қазақтың салт-дәстүрі сақталған, тілі естілетіп, ісі сезілетін Алтай қазақ ауылының ерекшелігі сақталып қала ма?!

Мұстафа мырзаның үйінің іші де музей іспеттес. Біз кііз, текеметтер жайылған кең бөлмедегі көрпелерге жайғасып, жер үстелден сүт қатқан шәйді бауырсақпен ішіп, қуырдақ жеп, мәз болып қалдық. Түркияда, негізі, қызыл шәй ішеді. Етті де тамаққа қосқаны болмаса, біздей көп жей бермейді. Бұл жағынан «қазақ пен қасқырдың етті жарысып жейтіні» жайлы қалжың шындыққа бір табан жақын сияқты. Бұл үйде не жоқ дерсіз: төрге домбыра, одан бөлек, қамшы ілінген, қабырғаларда аңшылықтан келген қасқыр, түлкі терілері, сөрелерде қылыш, садақтар, кітаптар, Құран сүрелері... Өз елімізде, өз жерімізде тұрсақ та отымыздың басында бұлардың бірі бар, бірі жоқ! Ұлтжандылықты тастелдегі қандастарымыздан үйрену керек-ау...

Осы жолы Алтай ауылында біздің жолымыз болып, тағы бір аңызға бергісіз адамды жолықтырдық. Ол – Арыстан



қажы Шәдетұлы еді. Жасы 88-ге келген бұл ақсақал бір кездері Қазақстанға Қаражорға биін әкелгендігімен танымал. Кейін Алматы облысы Қарасай батыр ауданы Райымбек ауылында мешіт салып, балаларымен бірге көшіп барады. Он бес жыл тұрғаннан кейін осында, онда да Алтай ауылындағы үйіне қайта келген. Біз барғанда атаның үйіне Англияда тұратын қызы қыдырып келіпті. Күйеу баласы сонда «Би-би-си» телеарнасында жасайды екен, біз оны көрмедік. Сөз ретінде айта кетейік, Еуропа елдерінде жүрген Түркия азаматтары өте көп қой, соның ішінде, түркиялық қандастарымыздың да еуропамен байланысы мықты. Сөйлескен адамдарымыздың не өздері, не балалары міндетті түрде шетелдерде білім алған, ұл-қыздары немесе ағайын-тумалары сонда тұратын болып шығады. Арыстан ата әлі күнге Қаражорғаны тамылжытып билейді екен, айтуынша, жиын-тойларда көптің алдын бермейді, бірнеше кісімен бәстесіп, билегенде басқаларын шаршатып, жеңіп кетеді. Атаға тіл-көзіміз өтпесін, қимыл-қозғалысы да ширақ, артық еті жоқ, әңгімесі де жақсы, қалжыңқой.

Осы жерде біз бір ағаттық жіберіппіз, бұйырса, енді екі жылдан кейін тоқсанды еңсеретін Арыстан атаны әурелегеніміз болмас деп билетпей кеткен едік, соңынан Әден апа «Ойбу, ол шалдың билесе жаны кіреді ғой, билеп мәз боп қалар еді» дегенде «қап» десіп қалдық. Арыстан



қажының биін Алтай ауылына барып көру нағыз тарихи сәт, тамаша бейнебаан болар ма еді. Не болса да, атамызға ұзақ ғұмыр беріп, ол кісінің биін әлі де көзімізбен көруге жазсын дестік.

Ауылдың үлкен кісілерімен, әсіресе, Масғұт қари, Арыстан қажылармен әңгімеміздің бір бөлігі қазақтардың Түркия жеріне келіп қоныстануы жайында болды. Ауылдың атынан байқалғандай, мұнда келушілер Қытайдың Алтай өлкесінен Үндістан, Пәкстан асып, одан түрік бауырлардан пана тауып, тұрақтанған қандастарымыз. Атажұрты Алтайдан қазақтардың үдере көшуі 1936 жылдарда басталып, содан жиырма жылдай уақытқа созылады. Халық бастапқыда гомин-даншы, кейін қызыл Қытайдың саясатына көңдіге алмай, бас сауғалап қашумен болған. «Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар» дейді, тұрған жері жайлы болса қазақтар адам аясы баспаған Гималай тауларына дейін көтеріліп, Тибетте тентіреп, жат жерлерді жағалап кетер ма еді, олардың бұл жолға қалай барғаны, бастарынан не күндерді өткергені жайлы жоғарыда айтқан Халифа Алтайдың естелік кітаптарынан оқуға болады. «1950 жылдары Қытайдың Хансу жерінен Ти-

сілтеп, шекараның өзінен оққа ұшып, біраз жан көз жұмады. Кейін Пәкстан мемлекеті қазақтарға жер бергенмен ол жерлердің қолайсыз климаты бұларды баудай түсіреді. Әсіресе, ыс деген ауруда адамдардың үсті-бастары ісініп кетеді екен. Арыстан атаның айтуынша, адамдардың бір тобы жолшыбай әлдекімдердің үгіттеуімен Қытайға кері қайтып кететін болған, «соған қарағанда, ол жақтан қашқан қазақтарға «жансыз-дар» қосып жіберетін болған сияқты» деп топшылайды ата. Әбден мазалары қашқан, оның үстіне, бұларды Қытайға қайтарады-мыс деген әңгімеден дегбірі қашқан қазақтар жан-жақтан саяси баспана сұрайды. Сол кезде оларды Америка да шақырған. Бірақ, көрмеген-білмеген мұхиттың арғы жағынан тілі ұқсас, діні бар Түркия елін таңдаған қандастар осында келіп түпкілікті орнығады. Өседі-өнеді. Түркия мемлекеті Стамбул сынды үлкен шаһарлардан жер беріп, «қалаған жерлеріңе тұрыңдар» дегенмен, мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақтар сол үшін қолайлы Кония, Нийде маңын қалайды. Білгеніміздей, Стамбул қаласындағы ықшамауданнан бөлек, қазақтар орналасқан Алтай сияқты ауылдар Түркияның басқа өңірлерінде де болған. Алайда, уақыт өте көбісі жабылған, тараған.

«Қытайдан шыққалы жолда шешем, екі ағам, қарындасым қайтты» деп санамалай жөнелген Арыстан атаның қаралы тізімі барған сайын ұзара береді, айналып келгенде, Түркияға тұтас бір әулеттен аман қалған бес адам – үлкені 13 жастағы осы Арыстан, жеңгесі, інісі Қабылан, қарындасы Гүлсімхан, үлкен ағасының қызы Білмесхан – келіп жетеді. Қазіргі күні Түркия қазақтары Алтайдағы атажұртымен хабарласып, байланысып тұрады, онда қалған туыс-туғандарына барып келгендері де бар.

Алтай ауылында жүріп, маңайдағы қазакша қойылған жер-су аттарын да әңгімелей кеттік. Қазір қысы май тоңғысыз өңір бұрын суық болды деседі, Мұстафа Көк бала күндерінде тізеден келетін қар жауатын дейді. Бұл жердегі Итұлытпас деген тау аты сол суықтықты мезейді, яғни күннің салқындығы сондай, ит екеш те ит те ұли алмайды-мыс. Бұдан бөлек Асантау деген жер бар. Мұстафа мырза оны Асан қайғы аңызымен байланыстырып қарау керек деген пікірде. Қысқасы, өлкенің ономастикалық атаулары тереңдеп зерттеуді қажет етіп тұр.

Түркия қазақтары бір-бірімен құдандалы-жекжатты болып келеді. Мәселен, бір-бірімен қарсы құда немесе бір тарапқа келіп, екіншісіне жиен болып кетуі мүмкін деген сияқты. Жастар жағы қазақ тіліне шорқақ тарта бастағанмен, салтқа берік қандастарымыз жаһандану әкелген ерлі-зайыптының жараспауы, ажырасу сияқты проблемалардан барынша бойларын аулақ салғысы келеді, сол себепті, туыстық байланыстардың берік болғанын қалайды. Әйтсе де, соңғы жылдары аралас некелер көбейе бастаған, ұлы немесе қызы басқа ұлттың өкіліне үйленем деп жатса ата-ана қарсы тұра алмайды.

«Елу жылда ел жаңа» деген... Анадолының бір түпкіріндегі 18 үй орналасқан ұядай ауыл жылы да жайлы сезім сыйлады. Бауырластығы болғанмен бөтен елге не айта аласың, сөйтсе де, Нийдедегі Алтай қазақ ауылының ғұмыры ұзақ болып, картадан ойып орын алуын, Түркия барған қазақтардың іздеп баратын құтты мекені болып қала беруін тіледік.

Құралай ҚУАТОВА,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің магистранты

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Г.Қайырғалиева – кеңесші
Ж.Мәлімқожа – бас редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
Е.Қабделов – фотограф

Редакция:

«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Н.Самғат
Ж.Қалым
Н. Жаңбырбай
электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #0747
Баспаның мекен-жайы:
Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 500 дана